

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ



Әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы  
Байтанасова Қарлығаш Медетқызының  
60 жас мерейтойына арналған

## «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»

атты республикалық ғылыми-әдістемелік  
семинар (дөңгелек үстел-диалог)

### МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

11 ақпан 2026 жыл



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**  
**Л.Н ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

Әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы  
**Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған**  
**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ**  
**ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»**  
атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог)  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ**  
республиканского научно-методического семинара (круглый стол-диалог)  
**«МЕТОДИЧЕСКИЕ И МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ**  
**КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ»,**  
посвящённого 60-летнему юбилею литературоведа-учёного,  
квалифицированного педагога, преподавателя-методиста  
**Байтанасовой Карлығаш Медетовны**

**PROCEEDINGS**  
of the Republican Scientific and Methodological Seminar (Roundtable Discussion–Dialogue)  
**“METHODICAL AND METHODOLOGICAL FOUNDATIONS OF**  
**KAZAKH LITERATURE”**  
dedicated to the 60<sup>th</sup> anniversary of literary scientist, distinguished educator and  
educational methodologist **Baitanasova Karlygash Medetovna**

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**ББК 83.3 (5Қаз)**

**Қ17**

**Жалпы редакциясын басқарған:** ф.ғ.к. Бейсенбай А.Б.

**Редакция алқасы:** С.М. Дүйсенғазы, Ж.Ә. Аймұхамбет, С.Ш. Айтуғанова,  
Г.С. Сағынадин, С.А. Сарсембаева.

**«Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері»** атты әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог) материалдары. 11 ақпан 2026 ж./ Жалпы редакциясын басқарған: Бейсенбай А.Б.– Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 223 бет.

**ISBN 978-601-385-179-2**

Жинаққа әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған «Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері» атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог) материалдары енгізілді.

Жинақ жоғары оқу орнының профессорлық-оқытушылық құрамына, орта білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне, докторанттар мен магистранттарға және студенттерге арналған.

**ISBN 978-601-385-179-2**

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**ББК 83.3 (5Қаз)**

## МАЗМҰНЫ

<i>Құттықтаулар</i> .....	5
---------------------------	---

### ӘДЕБИЕТТАНУ САРБАЗЫ, ӘДІСТЕМЕ ШЕБЕРІ

<i>Тұрысбек Р.С.</i> Ұстаз-ғалым Қ.Байтанасова зерттеулеріндегі С.Мұқанов мұрасы.....	14
<i>Аймұхамбет Ж.Ә.</i> Қарлығаш Байтанасова – ғалым, ұстаз.....	21
<i>Оразбек М.С.</i> Зерделі зерттеуші.....	23
<i>Айтуғанова С.Ш.</i> Ғалым. Әдіскер.Ұстаз.....	28
<i>Ахметова Ж.Қ.</i> Шәкірт жүрегіне жол тапқан ұстаз.....	32
<i>Сағынадин Г.С.</i> Фольклоризм феномені және Қ.Байтанасова зерттеуіндегі фольклорлық дәстүр туралы.....	33
<i>Сердалина С.Қ.</i> Әдіскер-ғалым Қ. Байтанасованың зерттеулеріндегі әдебиетті жоғары мектепте оқытудың кейбір мәселелері.....	37
<i>Алимбаев А.Е.</i> Зерделі ғалымның әдебиеттегі әлемі.....	40
<i>Аманғазықызы М.</i> Жаңа сипатты зерттеу.....	42
<i>Бәшіров Н.Қ.</i> Сөзге адалдық, ғылымға жауапкершілік.....	45
<i>Қасен А.Т.</i> Ғылымға қызмет еткен ұстаз.....	47

### ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ: ІЗДЕНІС ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

<i>Жұмагұл С.Б.</i> Тоталитарлық жүйе қысымында қазақ әдебиетін оқытудағы кейбір түйткілдер хақында.....	50
<i>Қасенов С.Т., Мукашева М.К.</i> Қ.Бітібаеваның әдістемесі негізінде жазылым дағдысын дамытудың жолдары.....	54
<i>Қапантайқызы Ш.</i> Әдебиетші ұстаз Қ.Бітібаева еңбектерінің құндылық бағдары.....	58
<i>Шапауов Ә. Қ., Қадыров Ж.Т., Есбатырова Ж.З.</i> Қазақ әдебиетін оқытуда әдеби талдау дағдыларын қалыптастыру.....	67
<i>Қылышбаева К.А.</i> Қазақ тілін меңгертудегі көркем шығарманың рөлі.....	72
<i>Шоқай М.Т.</i> Жаңғыртылған Блум таксономиясы: прозалық туындыны оқыту мен талдаудың тиімді жолдары.....	78
<i>Жорашова А.М.</i> Көркем мәтіндегі автор категориясын оқытудың тиімді жолдары (үлгілік оқу бағдарламасы негізінде).....	84
<i>Ғалымжанова З.Т.</i> Жоғары оқу орындарында Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» мемуарлық романын оқыту әдістері.....	93
<i>Ильясова Г.Ж.</i> Қазақ әдебиетін оқытуда мақал-мәтелдер арқылы кейіпкер мінезін интерпретациялау.....	98
<i>Алыбаева А.У.</i> Читательская грамотность – базовый компонент функциональной грамотности.....	103
<i>Атекеева А.Е.</i> Әдебиеттік оқу пәнін оқыту әдістері.....	107
<i>Аяпбергенова К.С.</i> Развитие педагогической науки: традиции и перспективы.....	111

<i>Байдаулетова З.М.</i> Жасанды интеллект заманындағы қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі.....	117
<i>Ермаганбетова А.Ж.</i> Сюжеттік мәтіндерді оқытуда Storytelling: әлеуметтік жобаларды интеграциялау тәжірибесі.....	120
<i>Жумагулова Ж.Д.</i> Жаһандану жағдайында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби күзіреттілік моделін қалыптастыруда Қ.Бітібаеваның педагогикалық мұрасының маңыздылығы.....	125
<i>Кабдулова А.Т.</i> Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері.....	128
<i>Серикова Ш.Ж.</i> Қазақ әдебиетінің әдістемесі.....	132
<i>Утибаева М.Б.</i> Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту үдерісін жаңғыртудағы жасанды интеллект технологияларының рөлі.....	134
<i>Ибрагимова Г.П.</i> Көркем шығармадағы сөздердің тілтанымдық мәнін оқыту (М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы бойынша).....	138
<i>Карагожина М.М.</i> Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік және әдіснамалық негіздері.....	140
<i>Мырзахметова Ж.Д.</i> Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік негіздері.....	143
<i>Нұрмахан А. Ә.</i> Әдебиетті оқыту әдіснамасы: проблемалық жағдаяттарды қолдану.....	145
<i>Сенбиева Н.К.</i> Қазақ әдебиеті сабақтарында ұлттық құндылықтарға бағдарлай оқыту жолдары.....	152
<i>Шагирова Д.Р.</i> Әдебиет пәнін оқытудағы жасанды интеллекттің педагогикалық мүмкіндіктері.....	157
<i>Мұса А.С.</i> Креативті жазылымдағы әдіс-тәсілдер.....	160

## **ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ФИЛОЛОГИЯ**

<i>Негимов С.Н.</i> Қазақ тілінің өзін білуші жоқ, мәнісін білуші де жоқ.....	167
<i>Мукажанова Л.Г.</i> Культурологические связи русской и казахско поэзии: переводческие аспекты.....	178
<i>Кемеңгер Қ.Р.</i> «Алаш» сөзі: ментальдық-рәміздік негізі.....	189
<i>Бактығалиева Э.С.</i> «Құлагер» поэмасы және ұлттық код: тарихи тұлға Ақан серінің визуалды-нарративтік бейнесі.....	194
<i>Құлиар Б.М.</i> Балалар әдебиетіндегі күлкі поэтикасы: мазақтама мен мөлтек мысалдың тәрбиелік қызметі.....	198
<i>Бағзат Е.</i> Жүсіпбек Аймауытұлы әңгімелеріндегі баяндау жүйесі мен көркемдік кеңістік.....	203
<i>Әбдірасұл Ж.Т.</i> Абай поэзиясындағы «адам» ұғымының берілу сипаты..	208
<i>Сыдық З.С.</i> Қазақ және моңғол демонологиясының ортақ қабаты және діни трансформациясы.....	213
<i>Әлімбаев А.Е.</i> Мұхтар Әуезов шығармаларындағы әділет пен адалдық идеялары.....	219
<i>Аренова Ж.</i> Фариза - ұлт поэзиясының жыршысы.....	222

9. Мұхамбетқалиұлы Қ. Тар кезең:Тарихи роман / Қажығали Мұханбетқалиұлы. – Алматы: Мереке, 2012. – 584 б

10. Дуэк К. Ойлау. Табысқа жетудің жаңа психологиясы. Алматы: «Мазмұндама» қоғамдық қоры, 2021. – 260 б.

## **ХҒТАР 17.01.45**

**Галымжанова Зәуре**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана,  
Қазақстан

(e-mail: [zaure.galymzhanova@mail.ru](mailto:zaure.galymzhanova@mail.ru) )

### **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА Ш.МҰРТАЗАНЫҢ «АЙ МЕН АЙША» МЕМУАРЛЫҚ РОМАНЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ**

*Аңдатпа.* Мақалада жазушы Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» мемуарлық романын жоғары оқу орындарында оқыту әдістемесі кешенді қарастырылады. Автордың «балалық қабылдау» призмасы арқылы заман шындығын суреттеу шеберлігі мен көркемдік детальдардың рөлі талданады. Шығарманың тарихи-танымдық және тәрбиелік әлеуеті айқындалып, оны меңгертудің тиімді әдіс-тәсілдері ұсынылады. Студенттердің ұлттық құндылықтарға деген көзқарасын қалыптастыруды ғылыми-әдістемелік деңгейде саралайды, әдеби-теориялық білімін, аналитикалық ойлау қабілетін дамытуда интерактивті және проблемалық оқыту әдістерінің тиімділігі дәлелденеді.

*Түйін сөздер:* мемуарлық роман, оқыту әдістемесі, құндылықтар символы, баяндау поэтикасы, белсенді оқыту әдістері

Көркем әдебиетті оқу – тұлғаның рухани кемелденуін, мәдени санасының қалыптасуын және зияткерлік әлеуетінің дамуын қамтамасыз ететін кешенді білімдік-тәрбиелік үдеріс. Ол қазіргі әдеби білім беру парадигмасының негізгі құрамдас бөлігі болып табылады.

Әдіскер-ғалымдардың: «Көркем әдебиет өткеніне қайырылмай, өзінің бүгінгі жеткен биігін өткенмен салыстырмай, қоғамы мен ортасында өткен дүбірлі оқиғалар мен тұлғаларды бейнелемей тұра алмайды. Суреткер өзінің көркемдік таным қабілетін жұмсай отырып, дәуір рухын, өмір болмысын танытатын шығармалар тудырады.

Қазіргі әдебиетте тарихи тұлғаны таныту, оның өмір кезеңін, айналасын, жеке мінез болмысын суреттеуге деген қызығушылық өсуде. Әдебиеттің түрлі жанрларында шынайы адам болмысын жасау өрістеп, әсіресе мемуарлық өмірбаяндық, публицистикалық салада белең алды», – деген тұжырымның дұрыстығын бүгінгі тәжірибе қуаттай түседі [1, 85 б.].

Мемуарлық роман – көркем әдебиет пен деректі прозаның түйіскен тұсындағы синкретті жанр. Автордың жеке басы мен тарихи оқиғалардың

интерпретациясынан туындаған шығарманың әдеби білім берудегі маңызы ерекше.

Қазіргі қалыптасқан жүйеде көркем әдебиетті оқыту мәтінді меңгертумен ғана шектелмей, тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға бағытталуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» мемуарлық романы – білімгерлердің тарихи танымын кеңейтіп, ұлттық сана-сезімін оятатын маңызды көркем туынды. Роман XX ғасырдың зұлмат жылдарындағы қазақ халқының тағдырын жеке адам өмірі арқылы суреттеуімен құнды. Сондықтан бұл шығарманы оқу орындарында оқыту әдістемесін ғылыми тұрғыда зерделеу өзекті мәселе болып табылады.

Жазушы Ш. Мұртаза өз шығармаларында халықтың өмірін мейлінше толық, жан-жақты суреттейді, кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасын да айқын көрсетеді. Халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, әр алуан адамдардың мінезін, іс-әрекетін, табиғат көрінісін - бәрін де терең және көркем бейнелегендіктен, қаламгер шығармалары көпшілік қауымның асыға күтетін рухани сусынына айналды. Әсіресе, Ш. Мұртазаның «Мылтықсыз майдан», «41-ші жылғы келіншек», «Бұлтсыз күнгі найзағай», «Ақсай мен Көксай», «Интернат наны», «Шекшек шырылдайды», «Дәрігердің үш қаруы» секілді шығармаларында да сан алуан қоғамдық құбылыстар, тарихи оқиғалар мен мол өмір шындығы жатыр. Алайда «Ай мен Айшаның» алатын орны ерекше.

«Ай мен Айша» – қаламгердің ең бір ішкі сыры молынан ақтарылған шығармасы, оның қиялының сүйікті перзенті (Барсхан), Шерханның тұлғасы «Ай мен Айшада» көрінгендей, қаламгер тұлғасы мейлінше толық, жарқын және анық көрінетін туындылар өте сирек кездеседі. Мұнда оның өмірі, барлық жан сыры, махаббаты, сезім-күйі, ұғым-түсініктері, идеалдары да айқын көрініс тапқан. Мұнда жазушы өз тұлғасын ең толық тұжырымды, келісті мінездейтін тұсын түгелдей алған. Бұл сипат қазақ оқырмандарына

Ш. Мұртазаның психологиялық портретін айқын елестетуіне мүмкіндік туғызған [2].

Жазушының «Ай мен Айша» шығармасы мемуарлық прозаның классикалық үлгісі. Білім алушыларға таныстырудың маңыздылығын бірнеше қырдан нақтылауға болады. Алдымен, тәрбиелік құндылығына назар аудару қажет. «Ай мен Айша» – адамгершілік, тазалық, адалдық, мейірім сияқты ізгі құндылықтардың символы. Олардың бейнесі арқылы жас ұрпаққа жақсылық пен жамандықты ажырату, сабыр мен төзім, жауапкершілік ұғымдарын түсіндіру мен отбасылық, рухани құндылықтарды қадірлеуге үйрету керек. Екіншіден, ұлттық дүниетанымды қалыптастыруда «Ай мен Айша» қазақтың таным-түсінігі мен салт-дәстүр, рухани әлемімен тығыз байланысты. Бұл образдарды танытуда ұлттық болмыс пен тарихи жадты сақтауға, қазақы ойлау жүйесін, дүниені қабылдау ерекшелігін ұғынуға мүмкіндік береді. Үшіншіден, «Ай мен Айша» өткен мен бүгінді жалғайтын көркем бейнелер. Оларды оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану ұрпақтар арасындағы рухани байланысты нығайтып, әдеби-мәдени мұраға құрмет сезімін қалыптастырады.

Зерттеуші Н. Ақыш: «Аш-жалаңаш, таршылықтың өзінде-ақ бір бидайды бөліп жеген ел ішіндегі кеңпейілділік суреттері де бүгінгі оқырман үшін өнегелі

болып табылмақ. Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» мемуарлық романының бас кейіпкері Барсхан соғыс жылдары да бәлендей қиындық көре қоймаған. Оған ең алдымен өскен ортадағы жақсы жандардың қамқорлығы себепші. Қазақ жазушылары қаламынан туған мемуарлық романдардың ішінде Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тыл өмірі ең көбірек әңгімелейтін шығарма да – осы «Ай мен Айша» романы. Соғыс өрті тұтанған заманда ел ішіндегі азаматтар жаппай әскерге аттанып кетті де, шаруашылық басына ие болып, негізінен, әйелдер мен балалар қалды. Соғыс уақытындағы тыл өмірінде еңбек еткен әйелдер бейнесі Айша образы арқылы елестесе, нақ осындай еңбек өтінде жүрген бала-шағаның жай-күйі бас кейіпкер Барсхан арқылы көрінеді. Құлқын сәриден тұрып, егіс даласына кететін Айша ана күні бойы сол жақта күйбеңдеумен жүріп, әбден қалжырап оралса, Барсханның мойнына артылған жүк те өз жасына қарағанда әлдеқайда ауыр. Белдері бүкшіп далада жүрген әйелдердің кішкене балаларына қарауға да мүлде мұршалары жоқ. Айшаның кіші баласы Батырханның мешел, мүгедек болып қалуы да осындай қараусыздықтың салдарынан», – деп түйін жасайды. [3, 67 б.]

«Ай мен Айша» романы жазушының жеке тағдыры арқылы бүтін бір дәуірдің, яғни соғыс және соғыстан кейінгі жылдардың шындығын ашатын шығарма. Оның мазмұнын ғана игерту жеткіліксіз, романның көркемдік баяндау жүйесін түсіндіру де маңызды. Негізгі ерекшелік авторлық ұстанымның беріктігінде, оқиға автордың прототипі Барсханның қабылдауы арқылы берілген. Оқырман сол шақтағы қиындықтарды психологиялық тұрғыдан терең сезіне алады. Баяндау поэтикасында «мен» және «заман» үндестігі қатар жүреді.

Жазушының қысқа, әрі нық сөйлемдері оқиғаның динамикасын арттырады. Табиғат көріністерін, адамның көңіл-күйін сипаттаған кезде ұзын сонар баяндаудан гөрі экспрессивті метафораларға жүгінеді.

«Баяндаудың бірінші жағы кейіпкердің субъектілі болмысын тереңдете түседі. Сол арқылы оқырман кейіпкердің ішкі ойына ене алады. Осы көркем мәтіндегі фикционалдылық (бірінші жақтағы баяндау) мәтін құрылымындағы кейіпкердің болмысын, ішкі құпиясын аша түседі. Кейде өзі де сол кейіпкерге еліктеп, өз әлемінен алшақтап, басқа адамның кейпін, мінезін қабылдап та кетуі мүмкін. Яғни, басқа адамның (кейіпкердің) субъектілік болмысы өзгеге әсер ету арқылы объективтенеді. Осыдан келіп көркем шығарманың эстетикалық, тәрбиелік ерекшеліктері туындайды» [4, 201 б.].

Романды оқыту барысында баяндау поэтикасына мән беру білімгерлердің эстетикалық талғамын қалыптастырып, жазушының суреткерлік шеберлігін тануға жол ашады. Бұл мемуарлық туынды болғандықтан, мұнда автор, баяндаушы және басты кейіпкер бір тұлға, бірақ олардың дауыстары әртүрлі уақыт кеңістігінен естіледі. Қаламгер оқиғаны ересек адамның атынан емес, кішкентай баланың қабылдауы арқылы көрсету әдісін қолданады. Мұнда дүниені антропоморфты қабылдау басым, яғни, бала үшін жансыз заттар да тірі. Ол табиғат құбылыстарымен (аймен, бұлтпен) тілдеседі. Эмоционалды контраст балалық шақтың бақытты сәттері (ана құшағы, ойын) мен соғыстың катал шындығы (аштық, жоқшылық, «қара қағаз») арасындағы қақтығыс.

Танымдық процесс баланың есеюі, қоршаған ортадағы әділетсіздікті (репрессия, әкесінің ұсталуы) тануы арқылы жүреді.

Баяндауды терең түсінген соң білімгерлердің талдауына бірнеше тапсырмалар ұсынған жөн: романнан Барсханның аймен тілдесетін немесе аштықты сезінуін сипаттайтын сәттерін еске түсіріңіздерші, бала Барсханның баяндау стиліндегі «мен» бейнесі оқырманға неліктен ересек автордың баяндауынан гөрі ерекше әсер етеді деп ойлайсыздар, оның сөйлеу мәнеріндегі басты ерекшелік неде? Тапсырмаларды орындағаннан кейін жалпы шолу жасап, пікірлерге толықтырулар енгізу арқылы сыни ойлау қабілеттерін дамытуға болады.

Білімгерлердің романды түсінуі үшін тек баяндау емес, олардың зерттеушілік пен сыни ойлауға бағыттайтын белсенді оқыту технологияларын қолдану тиімді. Бұл технологиялар білімгерлердің мәтінмен тікелей жұмыс істеуіне және шығарманың көркемдік құпияларын өз бетінше ашуына мүмкіндік береді. Осы ретте рөлдік ойын немесе «кейіпкерге хат» технологиясының маңызы зор. Бұл әдіс білімгердің кейіпкермен эмоционалды байланыс орнатуына көмектеседі. Мысалы, ересек Барсханның атынан кішкентай Барсханға немесе Айша анаға хат жазу тапсырылады. Мұндағы мақсат – баяндау поэтикасындағы уақыт пен кеңістік байланысын (өткен мен бүгін) сезіну.

«Фишбоун» (балық қаңқасы) әдісі шығармадағы күрделі әлеуметтік және психологиялық мәселелерді талдауға арналған. Басы: негізгі мәселе – Мұртаза әулетінің трагедиясы, үстіңгі сүйектері: себептер (репрессия, соғыс, әлеуметтік теңсіздік), астыңғы сүйектер: дәйектер (мәтіннен алынған нақты мысалдар мен детальдар), құйрығы: қорытынды түйін.

РАФТ (Рөл-Аудитория-Форма-Тақырып) технологиясы баяндау поэтикасын практикалық тұрғыдан меңгеруге бағытталған. Мұнда білімгерлерге түрлі рөлдер беріледі, мысалы, автор, соғыс жылдарындағы куәгер немесе әдебиетші, олар таңдалған аудиторияға арнап, белгілі бір формада (мақала, күнделік, эссе) шығарманың бір деталін талдап жазады. Не болмаса, өздері Барсхан рөлінде болып, өз замандастарына (аудитория) «күнделік» формасында «әділетсіздік» тақырыбында жазба дайындайды.

INSERT әдісі жазушының динамикалық баяндау стилін меңгерту үшін қолданылады. Білімгерлер мәтінмен танысу барысында автордың ерекше сөз орамдарын белгілеп отырады: V – маған таныс стиль, + – жаңа теңеу немесе метафора, ? – баяндаушының ойы түсініксіз тұстар. Бұл әдіс шығарманың көркемдік құрылымын «іштен» көруге көмектеседі.

«Ай мен Айша» – автордың балалық шағы мен ана бейнесі арқылы қазақ халқының тарихи қасіретін бейнелеген мемуарлық роман. Білімгерлердің бұл шығармаға деген қызығушылығын ояту үшін дәстүрлі баяндаудан бөлек оқиғаның ортасына тартатын белсенді әдістерді таңдаған дұрыс. Соның бірі, проблемалық ахуал туғызу (Case Study), шығарманың мазмұнына көшпес бұрын білімгерлерге өмірлік қиын таңдаулар туралы сұрақ қою. Мысалы, «Егер бүкіл әулеттің тағдыры сіздің бір ғана шешіміңізге байланысты болса, не істер

едіңіз?». Бұл әдіс романдағы Айша ананың ерліктері мен қиындықтарын жеке басының мәселесіндей қабылдауға көмектеседі.

Заманауи медиамен байланыстыру, яғни романдағы оқиғаларды бүгінгі күннің тілімен сөйлету. Мысалы, «егер Барсханның бүгін Instagram парақшасы болса, ол соғыс кезіндегі ауыл өмірі мен тірлігі туралы қандай стористер түсірер еді?». Бұл әдіс кейіпкерлерді білімгерлерге қарай жақындата түседі.

«Оқырман күнделігі» және ассоциациялар әдісі оқу барысында білімгерлер тек сюжетті емес, өздеріне ерекше әсер еткен сөздерді, иістерді (мысалы, кара нанның иісі) немесе түстерді түртіп отырады.

Төмендегідей бағыттар ұсынып, сабақ беретін аудиторияның (білімгерлердің) деңгейіне қарай жұмысты жандандырған дұрыс. Олар: 1. Этикалық және моральдық талдау (проблемалық сұрақтар арқылы ішкі дүниесіне үңілу) 2. Шығармашылық жобалар (кейіпкерлердің заманауи бейнесін жасау немесе подкаст жазу). 3. Көркемдік детальдармен жұмыс (шығармадағы символдар мен сезімдерді зерттеу). Мысалы, үшінші бағытта мынандай зерттеуші және бағыттаушы сұрақтар қоя отырып, шығарманың көркемдік қабатын бірге ашуға болады: романдағы ең маңызды (бірнеше рет атап өтілетін) детальдың бірі – Айша ананың кимешегі. Бұл тек киім емес, ол ананың бейнесін толықтырып тұрған маңызды символ. Сіздің ойыңызша, автор Айша ананың аппақ кимешегін суреттеу арқылы оның бойындағы қандай қасиеттерді немесе тағдырының қай қырын көрсеткісі келді? Тағы бір деталь – кара нан мен бидайдың иісі. Соғыс жылдарындағы аштықты автор дәм мен иіс арқылы береді [5, 85 б]. Бұл деталь өмір мен өлім арасындағы нәзік жіптің символы. Осы ретте білімгерлерге талдауға «Романда Барсханның «бір үзім нан» немесе «бидай қуыру» туралы суреттеулері өте көп. Қалай ойлайсыз, автор неліктен аштықты тек «қарны ашты» деп емес, нанның иісі, оның қаттылығы немес түсі арқылы соншылықты егжей-тегжейлі (детальды) суреттеді? Бұл оқырманның сезіміне қалай әсер етті? Ұсынылған жауаптар арқылы шығарманың мазмұны ашылып, көркем әдебиетті оқуға деген қызығушылық арта түседі.

Жалпы алғанда жазушы Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» мемуарлық романы оқу орындарында оқытуға аса қажетті, тәрбиелік және танымдық әлеуеті жоғары туынды. Романды оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдердің тиімділігін былайша топтастыруға болады: проблемалық оқыту әдісі шығармадағы тарихи шындық пен авторлық көзқарасты салыстырса, талдау-саралау әдісі кейіпкер бейнесін, эпизодтарды талдауға мүмкіндік береді. Интерактивті әдістер пікірталас, рөлдік ойын, эссе жазуға машықтандырып, сөздік қор мен тіл байлығын арттыруға үлес қосса, жобалық жұмыс шығармашылық ізденісті жетілдіруге көмектеседі. Пәнаралық байланыс сақталып, тарихпен сабақтастыру шығарманың деректілігін айқындап, мемуар жанрының теориялық негізін түсінуге жол ашады.

Романды ғылыми-әдістемелік тұрғыда жүйелі оқыту білімгерлердің әдеби білімін тереңдетіп қана қоймай, тарихи жады мен ұлттық сананы қалыптастыруға, шығарманың жанрлық табиғатын, идеялық-көркемдік ерекшелігін терең меңгертуге, тарихи оқиғалар мен авторлық танымның

сабақтастығын талдай отырып, ғылыми бағдар дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді.

*Пайдаланылған әдебиеттер:*

1. Байтанасова Қ., Айтуғанова С. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. оқу құралы. - Астана: Фолиант, 2008. – 158 б
2. Әдебиет порталы. Шерхан Мұртаза шығармашылығы. Қаралған күні 21.01.26  
<https://madenportal.kz/literature/serxan-murtaza-sygarmasylygy1>
3. Ақыш Н. Қазақ мемуарлық романы. – Алматы: Арда, 2010. – 415 б.
4. Аймұхамбет Ж., Байтанасова Қ., Айтуғанова С. Структуралық әдебиеттану және мәтін талдау. Оқулық. – Алматы: Жазушы, 2025. – 387 б
5. Мұртаза Ш. Ай мен Айша. – Алматы: Жазушы, 2020. – 288 б

**МРНТИ 17.71.07**

**Ильясова Гүлден Жеткергенқызы**

Астана қаласының

Т.Жүргенов атындағы «№70 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

([gulden.zhetkergenqyzy@gmail.com](mailto:gulden.zhetkergenqyzy@gmail.com))

### **ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДА МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР АРҚЫЛЫ КЕЙІПКЕР МІНЕЗІН ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУ**

*Аңдатпа.* Мақалада қазақ әдебиеті сабақтарында мақал-мәтелдерді кейіпкер мінезін интерпретациялау құралы ретінде қолданудың әдістемелік негіздері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – көркем мәтінді талдау барысында мақал-мәтелдердің тәрбиелік және танымдық әлеуетін айқындау. Мақалада фольклорлық мұра мен көркем әдебиеттің сабақтастығы көрсетіліп, «Айман – Шолпан», «Ер Тарғын», С.Торайғыровтың «Кім жазықты?» шығармалары негізінде практикалық үлгілер ұсынылады. Нәтижесінде бұл әдістің оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, ұлттық дүниетанымын қалыптастыруға ықпал ететіні дәлелденеді.

**Түйін сөздер:** мақал-мәтел, көркем мәтін, кейіпкер мінезі, интерпретация, функционалдық сауаттылық.

Қазақ мақал-мәтелдері – ауыз әдебиетінің ең байырғы әрі мазмұны жағынан аса салмақты саласы. Олар халықтың ғасырлар бойы жинақтаған өмір тәжірибесін, дүниетанымын, моральдық-этикалық ұстанымдарын көркем де ықпал түрде жеткізетін рухани қазына болып табылады. Мақал-мәтелдерде